

Егенисова А.К. <sup>1</sup>, Джумагалиева Н.С. <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Ш.Есенов атындағы КМТИУ

## ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада жеткіншектік кезеңдегі агрессиялық мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеген шетелдік, отандық ғалым-психологтардың еңбектерін талдаған. Сонымен қатар, агрессиялық және девиантты мінез-құлық формалары: нашақорлық, ішімдікті пайдалану, зорлық-зомбылық көрсету, басқаны мазақ ету, қорқытулар, жанжалдар, төбелестер, физикалық және психикалық күш көрсетулер, қақтығыстар т.б. сипаттама беріледі

Агрессиялы мінез-құлықты зерттеу және түзету әдістері: сұрақтама (архивтік зерттеу), вербалды информация (анкета, тұлғалық шкалалар), проективті әдістер (тематикалық апперцепция ТАТ, Роршахтың кара дақтар тесті, розенцвейгтің суреттік тестілері, Б. Дарки және А.Бассаның агрессияны зерттейтін диагностикалық әдістемесі туралы баяндалады

**Кілтті сөздер:** жеткіншек, агрессия, жанжал, сұрақтама, вербалды информация, проективті әдістер, тест, диагностикалық әдістемесі.

Yegenisova A.K. <sup>1</sup>, Dzhumagalieva N.S. <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> CSUTE named after Sh.Yessenov,

## CORRECTION OF AGGRESSIVE BEHAVIOR OF TEENAGERS

### *Abstract*

This article analyzes the work of foreign and domestic psychologists who have studied the psychological characteristics of aggressive behavior in adolescence. In addition, it is characterized by aggressive and deviant forms of behavior: drug abuse, alcohol use, violence, intimidation, fights, physical and mental violence, conflicts, etc.

Methods of research and correction of aggressive behavior are described: questionnaire (archival research), verbal information (questionnaire, personality scales), projective methods (thematic apperception of TAT, Rorschach's "black spot" test, Rosenzweig image tests, diagnosis of aggression B.Darka and A.Bass.

**Key words:** teenager, aggression, conflict, questioning, verbal information, projective methods, tests, diagnostic methods.

Егенисова А.К.<sup>1</sup>, Джумагалиева Н.С.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>КГУТИ имени Ш.Есенова

## КОРРЕКЦИЯ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

### *Аннотация*

В данной статье анализируются работы зарубежных и отечественных психологов, изучавших психологические особенности агрессивного поведения в подростковом возрасте. Кроме того,

характеризуется агрессивные и девиантные формы поведения: злоупотребление наркотиками, употребление алкоголя, насилие, запугивание, драки, физическое и психическое насилие, конфликты и т.д.

Описываются методы исследования и коррекции агрессивного поведения: опросник (архивные исследования), вербальная информация (опросник, шкалы личностей), проективные методы (тематическое апперцепция ТАТ, тест «черное пятно» Роршаха, тесты изображений Розенцвейга, диагностика агрессии Б. Дарки и А. Басса.

**Ключевые слова:** подросток, агрессия, конфликт, анкетирование, вербальная информация, проективные методы, тесты, методы диагностики.

Қазіргі уақытта қоғамда көкейкесті, ең маңызды мәселелердің бірі – «қиын, девиантты, агрессивті мінез-құлықты балалар» мәселесі. Жеткіншек балалар арасында агрессиялық белсенділіктің әр түрлі формалары: нашакорлық, ішімдікті пайдалану, зорлық-зомбылық көрсету, басқаны мазақ ету, қорқытулар, жанжалдар, төбелестер, физикалық және психикалық күш көрсетулер, қақтығыстар, қиратушы немесе бүлдіруші-вандализмге дейін жететін әрекеттер, ұрлық сияқты қоғамға жат мінез-құлықты іс-әрекеттер өте жиі кездеседі. «Бүгінгі Қазақстан» статистика ақпараттық агенттігінің деректері бойынша, 2019 жылы Қазақстанда кәмелет жасына толмағандар 1612 ауыр және 91 аса ауыр қылмыстар жасаған, оның ішінде 61 адам өлтіру, 167 қарақшылық шабуыл, 754 тонау оқиғалары бар. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық істері жылына 12-15%-ға өсуде.

ҚР білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында басымдықтардың бірі – адами ресурстарды дамытуда ең алдымен оның әлеуметтік капиталының қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік функцияларды жүзеге асыратын факторларды белгілеген[1]:

- Девиантты және агрессивті мінез-құлықты балалармен жұмысты күшейтуді жоспарлау;
- Отбасы, мектеп, бос уақыттағы орта және тұтас қоғам құру;
- Арнайы және ерекше режимде ұстайтын білім ұйымдарына баса назар аудару;
- Кәмелетке толмағандарды дағдарыс жағдайынан шығуға және өмірін орнықтыруға, баланы отбасымен қосуға көмек көрсету мен отбасын әрі қарай сүйемелдеу.

Жас дамуының психологиялық ерекшеліктеріндегі әртүрлі келеңсіздіктер агрессиялы мінез-құлықтың негізгі факторларының бірі болып табылады. Агрессиялы адамның психикалық іс-әрекетіндегі фундаменталды ерекшеліктері: тұлғааралық өзара әрекеттің спецификасын анықтайды, сыртқы қобалжулардың және эмоционалды реакциялар сипаттамасы, іс-әрекеттер мен қылықтар мотивациясы, сонымен бірге тұлға мен әрекетті қоздырушы басқаларға деген және өзіне деген қарым-қатынастың жағымды және жағымсыз фонынан көрінеді. Жас дамуы ерекшелігі психологиясында жеткіншектік кезеңде агрессиялы мінез-құлық мәселесі негізгі орын алып отырғанын көрсетеді, бұл кезең дағдарысты жағдайларда өтеді. Жеткіншектік кезең адам сапаларының, құндылықтарының қалыптасу кезеңі. Жаңа сапалар негізінде қалыптасатын құндылықтар, әсіресе психофизиологиялық даму ерекшеліктері жеткіншектің ішкі қысым жағдайында стрестік қобалжу жағдайында жүретіні белгілі.

Кеңес ғалымдарының, яғни Л.С.Выготский, С.Я.Рубинштейн, К.С.Лебединская, Г.В.Грибанова агрессивті балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы өз еңбектерінде сөз еткен[2-4].

Өткен ғасырдың (XX-ғ.) 60-жылдарының ортасынан бастап, алғаш рет агрессия тақырыбы батыс мемлекеттеріндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде танылса, жаңаша психологиялық және әлеуметтік-философиялық әдебиеттерде талдануда. Соңғы онжылдықта көптеген ғылыми еңбектер мен мақалалар жалпы адамның агрессиялы мінез-құлқына психологиялық талдауға мүмкіндік беріп отыр.

Жалпы балалар психологиясы бойынша жеткіншектер кезеңі өтпелі, маңызды кезең. Дәл жеткіншек шақ кезінде жеке бастың негізі қаланып, мінез-құлқы қалыптасатын кез. Сондықтан да агрессияның түптамасы мен алабұрту, алаңдау, уайым жеу, үрейлену, жоғары сезімдік толқулар осы шақтан бастау алады.

Осы тақырып бойынша бихевиористік бағыттағы ғалымдар мінез-құлық туралы өз түсініктемелерін берген. Э.Дюркгеймнің өз еңбегінде девиация ұғымына түсінік берілген [5]. Ғалымның тұжырымдауы бойынша, дағдарыс немесе радикалды әлеуметтік өзгерістер кезінде адамдардың өмір тәжірибесі қоғамда қабылданған нормаларға сәйкес келуін тоқтатады, осының бәрі девиантты мінез-құлыққа әкеледі.

Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді[6]. Біраз уақыт ұмытылып, 1950-60 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енді. Қазір де қиын, девиантты, асоциалды мінезді балалар деген терминдер ғылыми және педагогикалық сөздіктерінде түсініктеме беріледі.

Адамзат қоғамында түрлі сипаттағы девиантты жүріс-тұрыстардың көптеп таралуы мұны ғылыми тұрғыда талдап, педагогикалық, биологиялық, медициналық, және әлеуметтік жағынан қарастыруды талап етті. Адам санасын түгел жаулап алушы түрлі заттарға тәуелділіктер мен құштарлықтар ғылыми атуға ие болып, көптеген ғалымдар тарапынан зерттеу объектілеріне айнала бастады. Мұндай психикалық тәуелділіктерге мысал ретінде маскүнемдік, нашакорлық, анероксия, булемия, клептомания құбылыстарын атауға болады.

Агрессивті – зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дәрежелік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерден көрініс береді.

**Агрессия** (лат. aggressio – шабуыл жасау) – физикалық немесе психологиялық зиян немесе нұқсан келтіруге, басқа адамды немесе адамдар тобын жоюға бағытталған мінез құлық, әрекет. Агрессия көп жағдайда субъектінің фрустрацияға жауап әрекеті ретінде көрініп, ашу-ыза, өшпенділік, жек көру және т.б. эмоциялық ахуал сипатына көшеді. Агрессия әрине, кенеттен пайда болмайды. Ол жеке адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынастар, қорқытып-үркітуден пайда болады.

Адамның түскен ортасының ерекшелігі агрессивті әрекеттің жоғары немесе төмен болуына әсерін тигізеді. Мысалы: ауасы тар, темекінің иісі бар бөлмедегі агрессивті әрекет, ауасы таза бөлмедегілерге қарағанда күштірек болады. Адамның жеке басының тәртібіне байланысты болады. Айталық «дұрыс» адамдардың арасында басқаларға қарағанда ашуланшақ, өзін - өзі ұстай алмайтындар агрессивті көрінеді.

Психолог-ғалымдар агрессианы бірнеше түрге бөледі. Э. Фром екі түрі бар дейді: «зиянды», «зиянсыз». Зиянсыз агрессия: қауіп төнген кезде ғана пайда болып (қорғану мақсатында) артынан басылады. Зиянды агрессия: қатыгездік пен қауіпке толы болады [7].

Әртүрлі көпшілік әлеуметтік құбылыстарда дамиды агрессианың формалары (террор, геноцид, діни қақтығыстар) еліктеу, өзара индукция, жұқтыру, стереотипизациямен байланысты. Субъектінің агрессиялық мінез-құлыққа дайындығы тұлғаның орнықты қыры агрессиялық ретінде салыстырмалы қарастырылады.

Агрессия ми бөліктерінің әр түрлі ауруға шалдығуы немесе әлеуметтік жағдайларға байланысты пайда болуы мүмкін. Бүгінгі кино, бейнефильмдердегі қатыгездік, күш көрсету көріністері көрермендердің агрессивті деңгейін арттыруға себеп болатындығын қазір ғылыми ізденістер дәлелдейді.

Егер, қандай да бір агрессивті қылық көрсеткені үшін ата-ана баланы қатаң жазаласа, ол өз ыза-ашуын, ата-ана алдында көрсетпей ішіне сақтауға үйренеді, бірақ бұл оның басқа жағдайларда агрессивті қылық көрсетпейтініне кепіл бола алмайды. Балалар көп жағдайда барлық назарды өзіне аудару үшін де агрессивті қылық көрсетеді. Ата-ананың көнгіштігі, шешім қабылдаудағы сенімсіздігі, мінез жұмсақтығы баланың бойында «айтқанымды істетемін» деген агрессивті әрекет туғызады.

Агрессияның инстинктивті мінез-құлық теориясы, агрессиялы мінез-құлықтың өз табиғаты бойынша инстинктивті болып келеді, адамда генетикалық немесе әрекеттерге конституционалды бағдарламаланғандықтан агрессия пайда болады. З.Фрейд өз еңбектерінде адам мінез-құлқы эростан, өмір инстинктісінен, нығаяуға бағытталған басқаның энергиясы, өмірдің сақталуы мен елестетуден тура немесе жанама өтеді деп тұжырымдады [8].

Агрессияның инстинкт ретіндегі теориясын жақтаушы және Фрейдтік бағытты терістеуші психологтар, мысалы Мак Даугол адам табиғатының бір көрінісі ретіндегі "сотқарлық инстинктісін" мойындайды[19]. Сондай-ақ Х.Моррей жалпы алғашқы қажеттіліктің ішіне залал келтіру мақсатындағы шабуылдау жағдайын іздестіруді қоздырушы – агрессия қажеттілігін кіргізеді. Р. Лоренц бойынша адам агрессия инстинктісіне қабілетті жануарлар әлемінің бір түрі болып саналатынын ескереді[9]. Жеткіншек өз құрдастарымен алғаш танысқанда онымен сол уақытта-ақ төбелесуді бастайды, сол сияқты кейбір жануарлар мәселен маймылдар, тышқандар, кесірткелер осы мінез-құлықты көрсетеді екен.

Жеткіншектік кезеңде ішкі және сыртқы конфликтінің күшейетіні белгілі. Мінез-құлық деңгейіндегі жоғарғы секемшілдік, мазасызданушылық, әртүрлі үрейге бейімділік, қайырымсыздық, агрессиялылық және шектен шыққан арсыздық (цинизм) ерекшеліктері ретінде

туындайды. Тіпті бұлар ата-аналарға тән қасиет емес болған жағдайда да балада бұлар ата-аналық құндылық жүйесінің қанағаттанарсыз интериоризациясының салдарынан болуы да әбден мүмкін.

Жеткіншектердің мінез-құлықтарына келеңсіз әсер ететін жағдайларды анықтау қиынға соғады, себебі олар жеке дара бірден көрінбей, агрессивті мінез-құлықты дамытатын әр түрлі факторлардың өзара байланысынан туындайды.

Адам баласының дамуы көптеген факторлардың жиынтығынан құралады, ауытқушылық мінез-құлықты дамытатын, әр түрлі негативті әсер ететін факторлар: тұқым қуалаушылық (әлеуметтік, биогендік, абиогендік), тәрбиелік (жеке адамның қалыптасуына бағытталған тәрбиелеудің көп түрі), бақылаусыздық пен сынның кемшілігі, адамның іс-әрекетіндегі өзіндік тәжірибесі.

12-13 жаста микросоциумның мінез-құлқындағы өзгерістер қараусыздықпен, сынсыздықпен тығыз байланысты ситуациялық факторлармен тіке байланысты. Оқудағы үлгермеушіліктер мен ауытқушылық мінез-құлықтың бастауы педагогикалық олқылықтар мен әлеуметтік құлдыраудан, психикалық және физикалық (күш-қуаттық) жағдайдың ауытқушылығынан кеп туындайды. Бұл өзара байланыс өткен ғасырдан бастау алады, алайда қазіргі кездегі жағдайды түсіндіру үшін де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Көп жағдайда мінез-құлықтағы ауытқушылықтар психикалық және физиологиялық кемшіліктердің туа бітуінен емес, жанұя мен мектептегі тәрбиенің дұрыс берілмегендігінің зардаптары.

Агрессияның түп тамыры мен алабұрту, алаңдау, уайым жеу, үрейлену, жоғары сезімдік толқулар (тревожность) ерте балалық шақтан бастау алып жатады және баланың жасы өскен сайын бұл жағдай беки түсуі де, не азайып кетуі де мүмкін. Ауытқушылық мінез-құлықтың төменгі шегі (гран-шекарасы) өте қозғалмалы және ауытқушылық себептері әр балаға тән өте жеке сипатта болып келеді.

Әр түрлі деректердегі кездесетін жеткіншектердің бойындағы агрессияның формаларына төмендегілерді жатқызуға болады:

– күш-қуаттық (физическое) агрессия (бас салу, тиісу)-басқа бір адамға байланысты күш қолдану;

– жанамалы агрессия – әр түрлі жолмен басқа адамға бағытталған іс- әрекет (қалжың, өсек т.с.с), ешкімге арналмаған ашу-ыза (айқайлау, аяқпен тарсылдату, столды жұдырықпен ұру, қарғау, есікті қатты серпу т.с.с)

– вербалды агрессия (тілдік агрессия) - бойындағы келеңсіз сезімін, ойын айқай, у-шу ұрыс, шаңқылдау) арқылы және сөзбен жауап беру арқылы жеткізу (қарғыс, сөзбен күш көрсету, ұрыс, угроза);

– ашуға, дірілдеп-қалшылдауға бейімділік жапа шегу (болмашы нәрсеге ашулану, ызалану, дөрекілік, қатты айту т.с.с);

– негативизм мінез-құлықтың оппозициялық түрі, көбінесе басшыларға, беделі мықтыларға арналған. Ол әлсіз қарсылық көрсетуден бастап ортадағы орныққан заңдар мен дәстүрлерге қарсы белсенді күреске дейін көрініс береді;

Агрессивті жеткіншектер жеке бастарының сипаты мен мінез-құлқының әр түрлілігіне қарамастан барлығына тән, осы жасты ерекшелейтін ортақ жалпы қасиеттері бар. Ондай қасиеттеріне құндылық бағыттарының тапшылығы, олардың қарапайымдылығы, айналысатын іс-әрекеті мен істерінің аздығы не жоқтығы, қызығушылық аясының тарлығы мен тұрақсыздығы, олардың өрескелдігі жатады. Мұндай балаларға интеллектуальды даму деңгейі төмен, жоғары сезімталдық пен өзін-өзі сендіру, еліктегіш қасиет, адамгершілік ұстанымдардың дамымауы жатады.

Бұл кезеңде құрбы-құрдастары мен үлкен адамдарға қарсы жағымсыз эмоция көрсету, дөрекілік, ызалық көп көрініс береді. Ондай жеткіншектерде шектен тыс өзін жағымды не жағымсыз бағалау, жоғары деңгейдегі толқу әлеуметтік қарым-қатынас жасаудағы сенімсіздік, аралас-құраластық (контактілер) алдындағы қорқыныш, эгоцентризм, ауыр жағдайлардан шығу жолын таба білмеу, басқа да механизмдерге қарсы қорғаныс үстемдігі байқалады.

Агрессияға бой алдырған жеткіншектер арасында әлеуметтік-интеллектуальды дұрыс бағытта дамыған балалар да кездеседі. Олардағы агрессия көбінесе өздерінің беделін көтеру үшін өз бетімен өмір сүре алатындығын есейгендігін дәлелдеудің, көрсетудің тәсілі болып табылады.

Ондай жеткіншектер мектептің ресми басшылығына қарсы жақта болып, өздерінің мұғалімдерден тәуелсіз екендіктерін көрсетуге тырысады. Олар өздерінің күш қуатына сүйеніп, ресми емес авторитеттерге ұмтылады. Ресми емес беделді топ бастаушылар үлкен ұйымдастырушы күшке ие, өткені олар өздерінің жетістіктеріне «әділеттілік» принципі қолдану

арқылы жақтас табу тәсіліне жүгінеді. Олардың маңайына олардың мақсаты мен іс-қимылдарының анық қанығына жете бермейтін жеткіншектер компаниясы жиналады. Ондай лидерлердің табысты болуына оларды әлсіздерді анықтай білуі, озбырлықтары, цинизм (адамгершілік принципін жамылып «күшті өмір сүреді, ал әлсіз өледі» деп сендіруі), баса көктеу (наглость) алдындағы жеткіншектердің қорғансыздығын шебер пайдаланады.

Балалар мен жеткіншектердің агрессиялық сипаты мен олардың даму себептерін ашу үшін белгілі бір классификацияға (сыныптауға) жүгіну керек. Шетелдік ғылыми еңбектерде оларды екі топқа бөледі:

- Психикалық, эмоциональдық бұзылған сипаты бар, әлеуметтендірілген формадағы қоғамға қарсы мінез-құлықтағы жеткіншектер;

- Әр түрлі психикалық бұзылған әлеуметтік емес сипатпен ерекшеленетін агрессиялы мінез-құлықтағы жеткіншектер;

Орыс психологтарының сыныптауының (классификациясы) бірнеше типтері бар. Кейбір зерттеушілер ауытқушылық мінез-құлық деп балалардың психо-диагностикалық ерекшеліктерін айтса, басқалары психо-әлеуметтік дамуын айтады.

Дусманбетова Г.А., Шерьязданова Х.Т., Акажанова А.Т., Ельшибаева К.Г. қиын жеткіншектерді былай айырады [10,11]:

- Педагогикалық тәрбиеден тыс қалған, салақ қараған;
- Әлеуметтік ортадан қараусыз қалған;
- Шектен тыс әлеуметтік кері кеткен не қараусыз қалған;

С.А.Беличева [12] үш топқа бөледі:

- Терең педагогикалық қараусыз, босаңсыған жеткіншектер;
- Аффектілік (өзін-өзі мүлдем ұстай алмайтындар) бұзылған жеткіншектер,
- Тіл табыса алмайтын шиеленіске дайын балалар;

Арзуманян С.Д. жеткіншектердің қызығушылықтары, олардың қарым-қатынасы, көзқарастары мен пікірлері, мінез-құлықтарының әр жақтары туралы мектеп құжаттарын талдауы, оқытушылармен, ата-аналармен, көршілермен сұхбаттасу, тестілеу үрдісі нәтижесінде, анкетамен сұрақ-жауап арқылы, оқушылардың шығармаларымен оларды бақылау арқылы зерттеген кең көлемді материалдарының нәтижесінде ол төрт топқа бөледі [13]:

1. Тұрақты аномалды (ауытқыған), аморалды, жабайы қажеттіліктер комплексінен тұратын құндылықтар мен қарым – қатынаста деформациясы (кем-кетігі) бар, уақытын өз басының қажеттігіне қана арнап бос өткізетін жеткіншектер. Оларға эгоизм, басқалардың мәселесіне деген жәйбарақаттылық (равнодушие), тіл табыса алмау, беделдің жоқтығы, цинизм, ызқорлық, дөрекілік (дерзость), ашушаңдық, төбелескіштік тән. Олардың мінез-құлықтарына күш-қуаттық агрессия тән.

2. Әлсіздермен жасы кіші балаларды ығыстырып құрметке жететін, артықшылыққа ие болғысы келетін, жеке басының қасиетінің көтеріңкілігі, құндылықтары мен қажеттіліктері бұзылған балалар. Оларда күш көрсету көбінесе әлсіздерге бағытталады.

3. Өтірікті көп айтатын тез икемделетін, қызығушылығы бір жақты, позитивті (жағымды) қажеттілігі мен деформацияға (бұзылған, кемістігі бар) ұшыраған қажеттіліктер шиеленісі бар жеткіншектер. Олардың мінез-құлқында жанама және тілдік (вербальды) агрессия басым.

4. Кек алуға даяр, қорқақ, ерік-жігері төмен, қарым-қатынасы шектеулі, белгілі бір қызығушылығы жоқ, қажеттіліктері әлсіз деформацияға ұшыраған жеткіншектерге үлкен және өзінен күштілердің (құрбы-құрдастарының) алдында жағымпаздық, тез беріліп кету мінез-құлқы тән. Олар құманданғыш, кекшіл болып келеді. Олардың мінез-құлқына тілдік агрессия мен негативизм тән. Жеткіншек шақта бала тек қоршаған орта қайшылықтарына ғана емес, бұл жастағы баланың санасының шапшаң дамуы мен өзіндік сынының өсуі, оның жеке басына деген көзқарасында да қарама-қайшылықтарға тап болуына әкеледі.

Жеткіншек шақтың алғашқы кезеңдерінде (10-11) баланың өзіне деген сыни көзқарасы басым болады. 34% ер балалар мен 26% қыз балалар (Д.И.Фельдштейн мәліметі бойынша) өздеріне мүлдем кереғар, жағымсыз мінездеме береді. Олар өз мінез-құлқының дөрекілік, қаталдық, агрессивтілік жақтарын басым көрсетеді. Бұл жастағы балалардың бойынан физикалық, яғни күш-қуаттылық агрессия көп көрініс береді. Бұл кезеңде тілдік (вербалды) агрессия негативизммен бір деңгейде дамиды.

12 және 13 жастағы жеткіншектерде өздерінің жеке басына деген жағымсыз көзқарас, қатынас сақталады. Көп жағдайларда оларды қоршаған адамдардың көзқарасы мен пікірі де әсер етеді. Бұл

жаста негативизм күшейіп, күш қуаттық, тілдік агрессия өсуі байқалады. Жанама агрессия кіші жасқа қарағанда алға жылжыса да аз көріністе болады.

Жеткіншектік шақтың үшінші кезеңінде (14-15 жаста) өзінің жеке басының ерекшеліктерін, мінез-құлқын референттік топтарда қабылданатын ережелерге сәйкестендіру мен салыстыру байқалады. Бұл кезеңде тілдік (вербалды) агрессия бірінші орынға шығады. 12-13 жас көрсеткіштерінің 20%-ке, 10-11 жас көрсеткіштерін 30%-ке көтерілуін байқатады. Негативизм сияқты, күш-қуаттық агрессия мен жанама агрессия болымсыз көтеріледі.

Агрессиялы мінез-құлықты жүйелі зерттеудің бірнеше түрлері бар:

1. Сұрақтама (архивтік зерттеу)

2. Вербалды информация (анкета, тұлғалылық шкалалар, басқалардың бағалауы әдісі).

3. Проективті әдістер (тематикалық апперцепция ТАТ, Роршахтың қара дақтар тесті, Розенцвейгтің суреттік тесті арқылы фрустрацияны зерттеу).

*Сұрақтама әдісі* арқылы алдымен зерттеуші сыналұшының өзінен немесе оның таныстары арқылы агрессиялық жағдайды сұрау арқылы зерттей алады. Сонымен бірге архивтік мәліметтерге сүйене отырып зерттейді. Архивтік мәліметтерге сүйеніп асоциалды мінез-құлықтың бірнеше аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

*Вербалды информация әдісінде* психологтар адамның жауаптарынан керекті информацияны алады. Агрессиялықты зерттеу үшін психологтар көптеген сұрақтамаларды өндеп шығарды. Олардың біразы жалпы агрессиялықты зерттеуге ғана арналса, кейбіреулері нақты жағдайдағы агрессиялық мінез-құлықты зерттеу мақсатына қолданылады. Зерттеушілерге зерттеу барысында "тура" сұрақтарды қоймай, жанама сұрақтарды пайдаланған жөн. Себебі кейбір сыналұшылар өзінің агрессиялы іс-әрекеттерге қатысқанын мойындамай қою мүмкін. Сондай-ақ вербалды информациялық зерттеуде анкета әдістемесі көп қолданылады. Анкетада адамның агрессиялылығы немесе басқалардың агрессиялық мінез-құлқымен тікелей қатыстылығын зерттеу мақсатында жүзеге асырылады.

Әрбір сыналұшы ата-аналары мен өздерінің арасындағы жеткіншектердің өзара қарым-қатынасындағы, ата-аналардың жеткіншектерге қатынасы және ата-аналар мен жеткіншектердің сыналұшыға деген қатынасында байқаған зорлық-зомбылық әрекеттерін жазу арқылы психологтар жеткіншектегі агрессиялық мінез-құлық негізгі салдары - ересектердің жеткіншектің бала кезінде агрессиялық өзара әрекеттестігі қарым-қатынасынан болатындығын анықтаған. Зерттеу жұмысының қорытындысы отбасындағы зорлық-зомбылықты бастан кешіру жеткіншектің болашақтағы агрессиялық мінез-құлыққа бейім болатындығымен аяқталады.

Жоғарыда айтылғандай көптеген анкеталар агрессиялықтың деңгейін өлшеуге бағытталған. Бұл сұрақтамалар түрлілігіне және мазмұнына байланысты *тұлғалық тесттерді* құрайды. Бұл агрессия мен жауыздықты көп қолданылуының өлшемін анықтау – Басса Даркидің жауыздық тесті арқылы жүргізіледі. Бұл өлшеу шкаласы клиникалық зерттеулер мақсатында (экспертизада қылмысқырлар типін анықтау) қолданылады. Басса агрессияны басқаға залал келтіруге бейім стимулдар мазмұны ретінде анықтайды. Ол агрессия мен жауыздықтың тура немесе жанама және белсенді немесе енжар түрлерін жіктеді. Сондай-ақ Басса - Даркидің жауыздық тесті жауыздықтың екі түрін (наразылықты және күдікті) агрессияның бес түрін (шабуылды, жанамалы, қозушы агрессия, негавитизм және вербалды агрессия) ажырата білді [14].

Вербалды информацияның келесі бір түрі – *басқалардың бағалауы* әдісін көбіне балардың агрессиясын зерттеуде көп қолданылады. Мәселен, бұл әдісте сыналұшының мінез-құлқын жақсы білетін адамдар (ата-аналары, достары, сыныптастары, сибстері) бағалау арқылы жүргізіледі. Сыналұшының өзінен гөрі жеткіншектің айналасындағылар объективті баға бере алумен ерекшеленеді. Себебі, сыналұшы мен бағалаушының өзара қатынасы бағалауға әсер етеді.

*Проективті әдістің* көп қолданылатын екі түрі бар: 1) тематикалық апперцепция тесті (ТАТ), 2) Роршахтың бес қара дақты тесті - клиникалық контекстінде мінез-құлық түрі мен мотивін зерттеу мақсатында қолданылады. ТАТ әдісі картиналар сериясынан тұрады, сыналұшы картинада болып жатқан жағдайды суреттеуі керек. Ал Роршах тесті бойынша зерттеуші сыналұшыға қара дақты карточкалар сериясын беріп неге ұқсайтынын және еске түсіретінін айтуын сұрайды.

Розенцвейгтің суретті тесті арқылы фрустрацияны зерттеу барысында алынған жауаптар арқылы агрессияның бағыттылығы мен типіне қарай жіктеледі. Бұл зерттеулер тізіміндегі сұрақтар әдісі басқа адамдардан жауап алу арқылы агрессиялы мінез-құлықпен оның мотивтерін тура немесе жанама түрде анықтай алады. Ал архивтік зерттеулер бойынша алынған мәліметтер басқа адамның көмегінсіз-ақ жинақталады. Проективті әдістер сыналұшылар мен басқа адамдардың өзара әрекеттері арқылы агрессиялық мінез-құлықты зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеуші күнделікті мінез-құлықты бақылауын – *натуралистік бақылау әдісі* арқылы жүргізеді. Бұл техника негізінен балалар мен жануалардың мінез-құлқын зерттеу барысында қолданылады. Бақылаудың көп тараған типі – Дайана Фоссидің африка тауындағы горриалардың күнделікті өмір тіршілігін зерттеу арқылы белгілі. Бұл қарапайым бақылау әдісінің өзінше ішкі күрделілігі бар, ғалымдар мәселелі мінез-құлықты зерттеу мақсатында балалардың жанұялық жағдайындағы, әсіресе кешкі тамақтану уақытысында отбасының өзара қатынас стиліндегі мінез-құлықты айқын көрсетеді.

Ал *автомобилді сигнал* әдісі ересектердің көліктегі мінез-құлқын зерттеу барысында қолданылады. Көптеген зерттеушілердің мәліметтері бойынша көліктегі жүргізуші сигнал беру барысында агрессиялық мінез-құлықты көп көрсететіні байқалады. Американ психологы Харрис пен оның әріптестері агрессиялық мінез-құлықты зерттеудің ерекше түрі - *тұлғааралық конфронтация* әдісін өндеп шығарды. Бұл эксперимент сыналушылардың дүкендерде, мейрамханаларда, әуежайда т.б. жердерде тура немесе күшті агрессияға арандатушылыққа ұшырау жағдайындағы мінез-құлқын зерттеу мақсатында жүргізіледі. Сыналушыны осындай жағдайға жеткізу мақсатында экспериментатор ассистенттері қолданылады. Олар дүкендегі кезекте тұрған адамның алдына өтіп, кешірім сұрауы арқылы сыналушының вербалды немесе вербалды емес реакциясын бақылау барысында агрессиялықты анықтайды. Вербалды реакциялар сыпайы, парықсыздық, біршама агрессиялы және аса агрессиялы болып жіктеледі. Вербалды емес реакциялар достықтық, парықсыздық, дұшпандық тіпті кейде қорқытушы іс қимылдар, соққы немесе итеріп жіберу мінез құлықтары бйынша жіктеледі. Харрис бұл процедураларды әртүрлі факторлар, соның ішінде фрустрация, агрессиялықтың бастамасын зерттеу мақсатында қолданады.

*Агрессияны лабораториялық бақылау* әдісі адамның агрессиялық мінез-құлқын лабораториялық шарттар негізінде жүргізіледі. Лабораториялық зерттеулер өте тиімді, сондай-ақ сыналушылар бақылауға арнайы келсімдер арқылы қатысып, агрессиялық мінез-құлықтың сипаттамасымен танысады және т.б. Агрессияны лабораториялық жағдайда зерттеу бірнеше әртүрлі әдістер, соның ішінде төрт әдістемелер арқылы жүзеге асырылады. Олар: 1) "ойындық" өлшеу, 2) басқаға вербалды шабуыл жасау, 3) "қауіпсіз" шабуыл, 4) "залал келтіру" сияқты шабуыл.

Агрессияның *"ойындық өлшемі"* әдісі лабораториядағы агрессиялы мінез құлықты индивидтердің (әсіресе жеткіншектердің) әртүрлі тірі емес объектілерге "ойыншықтар" шабуылын бақылау арқылы зерттеледі. Бұл зерттеу келесі этаптардан тұрады: 1) сыналушыларды қандайда болсын бір әрекеттер арқылы агрессиялыққа итермелеу, 2) сосын оларға тірі емес заттарға (ойыншықтар) шабуыл жасау, үру соққылау т.б. мүмкіншілігін тудыру, 3) агрессия "құрбанына" қарсы әрекеттер істеу барысында бағаланады. Бұл зерттеу процедурасы адамның агрессиялық мінез-құлықты қандай жағдайда игеретінін зерттеу үшін қолданылады. Осы зерттеуде американ зерттеушілері Бандура мен оның әріптестерінің ұсынған "қуыршақ Бобомен эксперимент" атты әдістемесі кішкентай балаларға көп қолданылады. Бұл эксперимент агрессиялы мінез-құлықтың пайда болуын түсіну үшін қолайлы. Әсіресе "қуыршақ Бобомен эксперимент" әдісі агрессияның формаларын игеру жағдайын тудырып, тіпті осы әрекеттер адамдарға бағатталу мүмкіндігін анықтайды.

Ал вербалды агрессияны өлшеу әдісі агрессия деңгейі туралы айтылған мәліметтер санын алауға мүмкіндік береді. Агрессиялы мінез-құлықтың вербалды шабуыл түрі кең тараған, бірақ вербалды мінез-құлықты зерттеу өте күрделі сондықтан да агрессияның вербалды өлшемдері лабораториялық жағдайда агрессиялық мінез-құлықтың табиғатын зерттеу үшін пайдалы икемді, әрі эффективті болып келеді.

Қорыта айтқанда, жеткіншектердің агрессиялық мінез-құлқын түзетуде Б. Дарки және А.Бассаның агрессияның түріне және көрсеткішіне арналған диагностикалық әдістемесі, «Дүниеде жоқ жануар» атты проективті әдісі, «Ыза қайда жасырынған?» атты тренинг, «Мен - жақсымын, мен - жаманмын» атты жазу техникасы және «үлкендердің балаларға деген көзқарасы» атты сұхбат алу жұмыстарын жүргізіліп, зерттеу жұмысымыз сапала нәтижелер көрсетті.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. ҚР білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
2. Выготский Л.С. Вопросы детской возрастной психологии. // Собрание сочинений. – М., 1982. -Т.6. - С.115.
3. Рубинштейн С.Я. Экспериментальные методики патопсихологии. – М.,1999

4. Лебединская С.Я. *Подростки с нарушениями в аффективной сфере.* – М.: Педагогика, 1988.
5. Дюркгейм Э. *Социология и теория познания // Новые идеи в социологии. Вып. 2, СПб. 1914.*
6. Мертон Р. К. *Социальная структура и аномия // Социология преступности (Современные буржуазные теории).* – М.: Прогресс, 1966. – С. 299-3
7. Фромм Э. *Анатомия человеческой деструктивности.* М., 2008.
8. Фрейд З. *Психология бессознательного.* – М., 1989. – 223с.
9. Лоренц К. *Агрессия (так называемое «зло»).* – М.: «Прогресс», «Универс», 1994. – Гл.1
10. Дусманбетов Г.А., Шерьязданова Х.Т. *Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков.* – Алматы, 2003.
11. Акажанова А.Т., Ельшибаева К.Г. *Практикум по Девииантологии Учебно-методическое пособие.* – Алматы: Заң әдебиеті, 2008.- 64 с.
12. Беличева С.А. *Основы превентивной психологии.* – М.: Социальное здоровье России, 1994. - 224 с
13. Арзуманян С.Д. *Микросреда и отклонения социального поведения детей и подростков.* – Ереван, 1980
14. Намазбаева Ж.И., Жигитбекова Б.Д. *Психологическая наука как основа успешности компетентностного подхода в образовании // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы, №4(61), 2019. – С.7-12*